

Азық-түлік шикізатының және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қараша N 1783 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.01.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы № 4153 Жарлығымен бекітілген "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Азық-түлік шикізатының және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулыны іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 29 қарашадағы
1783 қаулысымен
бекітілген

Азық-түлік шикізатының және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы нұсқаулық

Осы Нұсқаулық азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің (бұдан әрі - тамақ өнімдері) сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейді және өндіру, сатып алу, тасып әкелу, сақтау, тасымалдау және сату (бұдан әрі - айналым) кезеңдеріндегі өндіруші, сатушы және тұтынушы арасында туындайтын қатынастарды реттейді. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында шығаратын, әкелетін және сататын тамақ өнімдерін стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың, санитарлық, малдәрігерлік-санитарлық, фитосанитарлық нормалар мен ережелердің, сондай-ақ басқа да техникалық регламенттердің (бұдан әрі - нормативтік құжаттар) талаптарына сай болуы тиіс.

2. Жалпы қабылданған негізгі терминдер мен ұғымдар:

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі - тамақ өнімдерінің оларды әдеттегі жағдайда пайдалану кезінде зиянды болып табылмайтындығы мен қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулығына қауіп туғызбайтындығына негізделген сенімділік күйінің болуы;

биологиялық белсенді қоспалар - тамақпен бір мезгілде пайдалануға немесе тамақ өнімдерінің құрамына енгізуге арналған табиғи (табиғимен бірдей) биологиялық белсенді заттар;

тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды теңестіру - белгілі бір тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды нормативтік, техникалық құжаттардың талаптарына және оларға қоса берілетін құжаттардағы және жапсырмалардағы ақпараттарға сәйкестікке келтіру жөніндегі қызмет;

тамақ өнімдерінің сапасы - оларды әдеттегі жағдайда пайдалану кезінде адамның тамаққа қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті тамақ өнімдері қасиеттерінің жиынтығы;

тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдар (бұдан әрі - материалдар мен бұйымдар) - тамақ өнімдерін дайындау, буып-түю, сақтау, тасымалдау, сату мен пайдалану кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдар, оның ішінде технологиялық жабдықтар, құралдар мен құрылғылар, ыдыстар, ыдыс-аяқтар, асханалық керек-жарақтар;

нормативтік құжаттар – тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігіне, олардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауға, оларды дайындау, сақтау, тасымалдау, сату және пайдалану, сапасыз, қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды кәдеге жаратуға немесе жоюға қойылатын талаптарды белгілейтін ұлттық стандарттар, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қағидалар мен нормалар және басқа да нормативтік құқықтық актілер;

тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы - сатып алу-сату (оның ішінде экспорт және импорт) және тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды берудің өзге де тәсілдері (бұдан әрі - сату), оларды сақтау және тасымалдау;

тамақ өнімдері - адамның тамаққа пайдаланатын табиғи немесе өңделген түрдегі өнімдер, оның ішінде балалар тамағының өнімдері, шөлмектелген су,

алкогольді өнім, сағыз, сондай-ақ азық-түлік шикізаты, тамақтық қоспалар мен биологиялық белсенді қоспалар;

азық-түлік шикізаты - өсімдік, мал, микробиологиялық, минералдық, қолдан жасалған шикізат және тамақ өнімдерін дайындау үшін пайдаланылатын су;

балаларды тамақтандыру өнімдері - 14 жасқа дейінгі балаларды тамақтандыруға арналған және балалар организмінің физиологиялық қажеттіліктеріне жауап беретін тағам өнімдері;

диеталық тамақтандыру өнімдері - шипалы және профилактикалық тамақтандыруға арналған тамақ өнімдері;

тамақ қоспалары - тамақ өнімдеріне белгілі бір қасиеттер беру және (немесе) олардың сапасын сақтау мақсатында тамақ өнімдеріне оларды дайындау процесінде енгізілетін табиғи немесе жасанды заттар мен олардың қосылыстары;

тамақ өнімінің тағамдық құндылығы - тамақ өнімінің адамның қажетті заттар мен энергияға физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын қасиеттерінің жиынтығы;

жарамдылық мерзімі - ол аяқталғаннан кейін тағам өнімі мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз болып саналатын кезең. Жарамдылық мерзімін сақтау шарттары сақталған жағдайда, тамақ өнімінің тұтынушының өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне кепілдік беретін сақтау шарттарын көрсете отырып, тамақ өнімдерін дайындаушы белгілейді;

сақтау мерзімі - белгіленген сақтау шарттары сақталған жағдайда, тамақ өнімінің нормативтік құжаттамада немесе сату-сатып алу шартында көрсетілген өзінің бүкіл қасиетін сақтайтын кезең. Сақтау мерзімі өткеннен кейін тамақ өнімі пайдалану үшін жарамды болуы, бірақ оның тұтынушылық қасиеттері (тұтынушылық құны) төмендеуі мүмкін;

тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігінің куәлігі - тамақ өнімдерін дайындаушының (жабдықтаушының) тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар тобының сапасы мен қауіпсіздігінің нормативтік, техникалық құжаттардың талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжаты;

тамақ өнімдерін қайта жарату - тамақ өнімдерін нормативтік құжаттардың талаптарына жауап бермейтін және адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіп төндіретін жарамсыздыққа жатқызу рәсімі және оларды жою;

бұрмаланған тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар - қасақана өзгертілген (қолдан жасалған) және (немесе) жасырын қасиеттер мен сапаға ие, олар туралы ақпараттар қасақана толық емес немесе қате болып табылатын тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

3. Заңды және жеке тұлғалардың шығаратын, әкелетін және сататын өнімін жарнамалауға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес оның қауіпсіздігін растайтын құжаттарсыз жол берілмейді.

2. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар

1. Сатуға арналған тамақ өнімдері химиялық және биологиялық, оның ішінде адамдардың денсаулығы үшін қауіп туғызуы ықтимал радиоактивтік, микробиологиялық заттар мен олардың қосылыстарының құрамындағы мөлшері жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

2. Балаларды тамақтандыру өнімдерінің тамақтық құндылығы бала организмнің жай-күйі мен жасына сәйкес келуі және денсаулық үшін қауіпсіз болуы тиіс.

3. Емдеу-профилактикалық тамақтандыру өнімдері, тағамдық және биологиялық белсенді қоспалар арнаулы мақсаттағы өнімдерге жатады және олардың денсаулық сақтау органдары белгіленген тәртіппен бекіткен нормативтік құжаттамаға сәйкес қасиеттері мен сипаттамалары болуы тиіс.

3. Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік нормалау

1. Тамақ өнімдерінің сапасына, буылып-түйілуіне, таңбалануына, бақылау (талдау) әдістеріне, бағалау рәсімдеріне және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растауға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен нормативтік құжаттарда белгіленеді.

2. Тамақтық және биологиялық белсенді қоспалардың, тамақ өнімдерінің (малдан алынатын азық-түлік шикізатынан басқа) тамақтық және энергетикалық құндылығына, қауіпсіздігіне, сондай-ақ тамақ өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау, өткізу (сату) және қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетуге қойылатын талаптар ұлттық (мемлекетаралық) стандарттарда және санитариялық қағидалар мен нормаларда белгіленеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

3. Малдан алынатын азық-түлік шикізатын (ет, балық, құс, жұмыртқа және басқа) дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар ұлттық (мемлекетаралық) стандарттар мен ветеринариялық-санитариялық қағидалар мен нормаларда белгіленеді.

Өсімдіктен алынатын азық-түлік шикізатының сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар санитарлық ережелер мен нормаларда және фитосанитарлық ережелер мен нормаларда белгіленеді.

Жоғарыда көрсетілген талаптар ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне, халықтың тамақтану ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына, тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының ықтимал қауіпті қасиеттеріне, оларды тамаққа пайдаланудан адамдардың денсаулығына зиян келуі қаупіне, сондай-ақ олардың әлеуметтік және экономикалық зардаптарына негізделеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

4. Ұлттық стандарттарды, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қағидалар мен нормаларды стандарттау және сертификаттау саласындағы қадағалау, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау, ветеринариялық қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар және өсімдіктердің карантині жөніндегі фитосанитариялық қызмет өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

4. Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Заңды және жеке тұлғалар тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін: нормативтік және техникалық құжаттардың талаптарын, ал олар болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген, ұқсас өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігіне талаптар белгілейтін нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарды сақтау;

азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің дайындау, сақтау тасымалдау және сату кезіндегі сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық санитарлық-гигиеналық, алдын алу және эпидемияға қарсы, малдәрігерлік-санитарлық, технологиялық, инженерлік-техникалық, агрохимиялық және фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу;

сапаны басқару жүйесін енгізу арқылы тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне, оны дайындау, сақтау, тасымалдау және сату шарттарының сақталуына өндірістік бақылауды жүргізу;

нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестікке міндетті түрде сертификаттауға жататын тамақ өнімдеріне сертификаттауды және өнімді санэпидсараптаманы жүргізу арқылы қамтамасыз етеді.

2. Нәтижелері сертификаттаудың мақсаттары үшін пайдаланылмайтын азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін зерттеуді белгіленген тәртіппен аттестациядан өткен зертханалар жүзеге асырады.

3. Тамақ өнімдерін сертификациялық сынауды сертификаттаудың мемлекеттік жүйесінде тіркелген зертханалар сынақтарды жүргізудің тәртібін белгілейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізеді.

4. Дайындаушы мүмкін болатын бұрмалаушылықтан өз өнімін қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

5. Тағам өнімдерін өндіру

1. Заңды және жеке тұлғалар жаңа тамақ өнімін әзірлеу және оны дайындаудың, буып-түюдің, сақтаудың, тасымалдаудың және сатудың технологиялық процестері кезінде техникалық шарттарға осындай тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне талаптарды қамтуға, айналым кезінде тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімін сақтауға, сондай-ақ өндірістік тәртіпті қарастыруға және тамақ өнімдерін сынаудың әдістемелерін (олар болмаған жағдайда) әзірлеуге міндетті.

2. Жаңа тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдері тиісті гигиеналық қорытындымен расталады.

3. Жануарлардан алынған өнімдердің жаңа түрлері тамаққа пайдалану үшін және тамақ өнімдерін дайындау үшін тек малдәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізілгеннен және дайындаушы Қазақстан Республикасы мемлекеттік малдәрігерлік қызмет органдарының осындай өнімдердің малдәрігерлік-санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкестігін куәландыратын қорытындысын алғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

4. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес оны өндіріске қою рәсімінен өтпеген тамақ өнімін өндіруге тыйым салынады.

5. Тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық процесі оны дайындау шарттарына қойылатын технологиялық регламенттер, санитарлық, малдәрігерлік-санитарлық және фитосанитарлық ережелер мен нормалар сақталған жағдайда, технологиялық құжаттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

6. Тамақ өнімдерін дайындаушы, оның сапасы мен қауіпсіздігін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында ИСО 9000 сериясындағы халықаралық стандарттардың талаптарымен үйлестірілген, сапаны бақылау жүйесін әзірлейді және өндіріске енгізеді.

7. Тамақ өнімдерін дайындаушы тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беруге және сатып алушыға (жабдықтаушыға) өніммен бірге өнімнің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін құжаттамалық растауды табыс етуі тиіс.

8. Қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсететін ұйымдарда дайындалатын және сатылатын өнімдерге, олар дайындалған орында сатылған жағдайда, өнімнің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін құжаттамалық растау табыс етілмейді.

9. Азық-түлік шикізаты өндірісінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық, малдәрігерлік-санитарлық сараптамалардан және мемлекеттік тіркеуден өткен азықтық қоспаларды, жануарларды өсіру стимуляторларын, гормональдық препараттарды, пестицидтер мен өсімдіктерді өсіру регуляторлары мен препараттарды пайдалануға рұқсат етіледі.

10. Тамақ өнімдері сақтау, тасымалдау және сату кезінде, оның сапасы мен қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәсілдермен өлшеніп салынуы және буып-түйілуі тиіс.

6. Жаңа тамақ өнімдерін өндірудің тәртібі

1. Жаңа тамақ өнімдерін өндіріске қою белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік және технологиялық құжаттама, өндіруге гигиеналық қорытынды мен қызметтің осы түріне лицензия (егер ол лицензиялауға жатса), біліктілік комиссиясының өнімді өндіріске қою туралы актісі болған жағдайда, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шығарылатын тағам өнімдерінің жекелеген ингредиенттерін ауыстыру қандай да бір нормативтік құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін немесе жаңа нормативтік құжаттаманы әзірлеу кезінде осы өнімге арналған нормативтік құжатқа келісім берген органдардың рұқсатымен жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасының аумағына тамақ өнімдерін әкелу

1. Қазақстан Республикасының аумағына сату үшін әкелінетін азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдері нормативтік құжаттардың талаптарына сай болуы тиіс.

2. Азық-түлік шикізатының қауіпсіздігі мен тамақ өнімдері сапасының көрсеткіштерін регламенттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелер шарттарда (жеткізуге арналған келісім-шарттарда) міндетті түрде ескерілуі тиіс.

3. Қазақстан Республикасына жеткізілетін азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдері санитарлық-эпидемиологиялық, малдәрігерлік-санитарлық және (немесе

) фитосанитарлық сараптамадан белгіленген тәртіппен міндетті түрде өткізілуі тиіс.

8. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау

1. Тамақ өнімдерін дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар шығарылған өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге және оның дайындалуы, сақталуы, және тасымалдануы жағдайларына нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарды орындауға міндетті. Тамақ өнімдерін импорттауды және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар тамақ өнімдерін дайындау, сақтау тасымалдау және сату шарттарына қойылатын нормативтік құжаттар талаптарының орындалуын бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге міндетті.

2. Өндірістік бақылау тағам өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және сату жөніндегі қызметті жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар әзірлеген тәртіппен, өнімге қойылатын нормативтік құжаттардың талаптары негізінде жүзеге асырылады, мұндай жағдайда тамақ өнімдерін өлшеу мен сынаудың пайдаланылған әдістемелері мен оны дайындау, сақтау, тасымалдау және сату жағдайлары анықталуы тиіс.

3. Қайта өңдеуге келіп түскен азық-түлік шикізаты мен дайын тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды белгіленген тәртіппен тіркелген немесе аттестацияланған зертханалар жүзеге асырады.

4. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі көрсеткіштерін зерттеу әдістерін салалық ғылыми-зерттеу институттары, меншіктің барлық нысанындағы мамандандырылған мекемелер әзірлейді. Өлшеуді орындаудың әдістемелері стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен метрологиялық аттестациялауға жатады.

9. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік бақылау

1. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін өз құзыреттерінің шегінде уәкілетті мемлекеттік органдар, атап айтқанда:

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган - тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне;

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің органдары мен мекемелері - азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкестігін, тамақ өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және

сату кезінде санитарлық ережелер мен нормалардың сақталуын, заңды және жеке тұлғалардың санитарлық-гигиеналық, алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шараларды орындауын, сондай-ақ тамақ өнімдеріне санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуді;

Мемлекеттік малдәрігерлік қадағалау органдары - малдан алынатын өнімдердің малдәрігерлік ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкестігін, көрсетілген өнімдерді өндіру, дайындау, қайта өңдеу, сақтау және тасымалдау кезіндегі талаптардың сақталуын, оның Қазақстан Республикасының аумағына әкелуін, заңды және жеке тұлғалардың малдәрігерлік-санитарлық іс-шараларды орындауын, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін базарларда сатудың ережелерін, сондай-ақ мал өнімдеріне малдәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізуді;

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау органдары - өсімдіктерден алынатын тағам өнімдерінің фитосанитарлық ережелер мен нормаларға сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

2. Тамақ өнімдері мен азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының қызметін үйлестіруді атқарушы биліктің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органы, ал қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Уәкілетті мемлекеттік органдар тікелей тамаққа пайдалану үшін жарамсыз деп таныған тамақ өнімдері дайындаушының, импорттаушының немесе сатушының есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, өнеркәсіптік қайта өңдеуге немесе қайта жаратуға жіберіледі.

10. Тамақ өнімдерін сату

1. Олардың сапасы мен қауіпсіздігі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдері сатуға жатады.

2. Нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін:

- сапасыздығының айқын белгілері бар;

- сәйкестік сертификаты немесе тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын белгіленген тәртіппен растайтын өзге де құжаты, дайындаушының (жабдықтаушының) оның қайдан алынғандығы туралы құжаттары жоқ;

- атауы және сыртқы түрі бойынша өнімнің ілеспе құжаттамасында және таңбалауында келтірілген ақпаратқа сәйкес келмейтін;

- белгіленген жарамдылық мерзімі жоқ немесе оның жарамдылық мерзімі өткен. Жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімі мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамсыз болып есептеледі. Мұндай өнім сапасыз және қауіпті деп танылады және сатылуға жатпайды, белгіленген тәртіппен қайта жаратылады немесе жойылады;

- таңбалануы немесе нормативтік құжаттамамен көзделген мәліметтері туралы ақпарат жоқ тамақ өнімдерін сатуға рұқсат етілмейді.

11. Тамақ өнімдерін сақтау және тасымалдау

1. Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін сақтау және тасымалдау, оның сапасы мен қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

2. Тамақ өнімдерін сақтау мен тасымалдауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар сақтау мен тасымалдау жағдайларын реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға және осы жағдайлардың сақталуын тауарға ілеспе құжаттарда тиісті жазбамен растауға міндетті.

3. Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін тасымалдау үшін әдейі арналған немесе осындай мақсаттар үшін жабдықталған және белгіленген тәртіппен ресімделген санитарлық паспорттары бар көлік құралдары пайдаланылуы тиіс.

4. Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін сақтау құрамы, көлемі мен жабдықтары нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс арнаулы үй-жайларда (құрылыстарда) рұқсат етіледі.

5. Егер азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін сақтау және тасымалдау кезінде сапасы мен қауіпсіздігін жоғалтуға алып келетін нормативтік құжаттардың талаптарынан ауытқушылыққа жол берілген жағдайда, оларды сақтау мен тасымалдауды жүзеге асыратын адамдар, бұл туралы көрсетілген өнімнің иелері мен оны алушыларға хабарлауға міндетті.

Мұндай азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдері сатылуға жатпайды, сараптама жасауға жіберіледі және оның нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес олар қайтажаратылады немесе жойылады.

12. Азаматтардың, заңды және жеке тұлғалардың тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құқықтары

Азаматтардың, заңды және жеке тұлғалардың азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтары

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамамен қорғалады және реттеледі.

13. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындамағаны немесе бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Сатылатын тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындамағанына немесе бұзғанына кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

2. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын реттейтін нормативтік құжаттардан ауытқығаны үшін айыппұлдарды уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, олардың құзыреттерінің шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салады.

3. Айыппұл салу кінәлі адамдарды жіберілген кемшіліктерді жою және тамақ өнімдерін тұтынушыға сондай кемшіліктердің салдарынан келтірілген зиянды өтеу міндеттерінен босатпайды.